

Нысан

**Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісі/Сенаты**

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастама жасаған

«_____»

**Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастама жасаған «_____»

_____» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қарап, мынаны хабарлайды.

1. Заң жобасының сипаттамалық бөлігі

Осы бөлікте заң жобасын әзірлеу негізділігіне, уақтылығына, орындылығы мен қажеттілігіне баға беріледі.

Заң жобасын бағалау кезінде мыналар ескеріледі:

1) заң жобасында қолданыстағы заңнамада реттелген құқықтық қатынастар регламенттелмеуге тиіс;

2) заң жобасы құқықтың негіз қалаушы қағидаттарына қайшы келмеуге тиіс;

3) заң жобасының реттеу нысанасы Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 3-тармағында көрсетілген қоғамдық қатынастарға сәйкес келуге тиіс.

2. Мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты ұлғайтуды көздейтін нормалар туралы мәліметтер

Қорытынды жобасында мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты ұлғайтуды көздейтін нормалар туралы мәліметтер қамтылуға тиіс. Егер заң жобасы тұтастай немесе оның жекелеген бөлігі мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігінің ұлғаюы немесе кіріс бөлігінің қысқаруы себебінен қолдау таппайтын жағдайда Республикалық бюджет комиссиясының осындай шығын қолдау таппаған отырысының күні мен хаттамасының нөмірі көрсетіледі.

Мемлекеттік кірісті ықтимал қысқарту немесе мемлекеттік шығысты ұлғайту бөлігінде қаржы-экономикалық есеп-қисап бар болса, әзірлеуші мемлекеттік орган оларды қорытынды жобасына қоса береді.

3. Заң жобасы бойынша Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның шешімі туралы мәліметтер

** Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысы хаттамасының күні мен нөмірі және заң жобасы бойынша қабылданған шешім*

4. Заң жобасы бойынша Үкіметтің ұстанымы:

1) мемлекеттік органдардың пікірі және Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның шешімі ескеріле отырып, Үкіметтің заң жобасы бойынша жалпы ұстанымы баяндалады (қолдау табады/қолдау таппайды)

2) заң жобасының жекелеген құрылымдық элементтері немесе өзара байланысқан ережелерінің тобы бойынша ескертулер мен ұсыныстар дәйекті түрде және ұсынымдық нысанда баяндалады.

Бұл ретте:

құрылымдық элементтің қолдау таппайтын бөлігі нақты көрсетіледі;

Конституцияға, өзге де заңнамалық актілерге, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына, басқа да құжаттарға қайшылығы көрсетіле отырып, заң жобасын тұтастай немесе оның жекелеген бөлігін қабылдамаудың объективті себептеріне сілтеме жасалып, Үкімет ұстанымының негіздемесі қысқаша көрсетіледі;

заң жобасын тұтастай немесе оның бір бөлігін қабылдамаудың өзге де себептері көрсетіледі (Президент тапсырмаларына, нақты салада жүргізіліп жатқан саясатқа, заң жобасының мақсаттарына сәйкес келмеуі және басқа);

қажет болған жағдайда Үкімет құрылымдық элементтің редакциясын ұсына алады.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**
